

## Жария сервитут орнату туралы

Костанай облысы Қарабалық ауданы Белоглин ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, Қарабалық ауданының Белоглин ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "B2G сегменті үшін ТОБЖ құрылышы, Костанай облысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу, қызмет көрсету және пайдалану үшін Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Белоглин ауылдық округі, Белоглин ауылы, А.Иманов көшесі мекенжайы бойынша орналасқан белгіленсін жалпы ауданы 0,0344 гектар жер участкесінде жария сервитут (шектеулі нысаналы пайдалану құқығы) орнатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ж. Баймұханов